



**«Ветеринариялық анықтамалар беру»
мемлекеттік қызметін көсетуге
қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

**Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1
(бір) жұмыс күні ішінде**

**Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде
көрсетілетін қызметті алушыдың
алынатын төлем мөлшері:**

ТЕГІН

Көрсетілетін қызметті берушінің
және ақпарат объектілерінің жұмыс
графигі:

1) көрсетілетін қызметті беруші –
Қазақстан Республикасының еңбек
заңнамасына сәйкес демалыс және
мереке күндерін қоспағанда,
дүйсенбіден бастап жұманы қоса
алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға
дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-
ден 18.00-ға дейін;

2) портал – жөндеу жұмыстарын
жүргізуге байланысты техникалық
үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы

Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші;
- 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі –
портал)

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны:

*Электрондық (ішінара
автоматтандырылған)/қағаз
түрінде.*

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

*Ветеринариялық анықтама не
мемлекеттік қызмет көрсетуден
бас тарту туралы уәжді жауап*

**«СҚО әкімдігінің ветеринария
басқармасы» КММ «Мамлют
ауданының ветеринариялық
станциясы» ШЖҚ МКК**

**Мекенжайы: СҚО, Мамлют ауданы,
Мамлют қаласы,
С.Мұқанов көшесі, 27**

Тел.: 8(715-41)2-15-49

Мемлекеттік қызмет көрсетудің
сапасы мен уақтылығы бойынша
жедел шаралар қабылдау мәселелері
бойынша «СҚО әкімдігінің
ветеринария басқармасы» КММ
сенім телефоны бойынша 8(715-2)-
42-57-14, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік
қызмет істері агенттігінің СҚО
бойынша департаментінің телефоны
бойынша 8(715-2)-36-01-62
хабарласуға болады

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларына және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Қағидалар) 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ветеринариялық анықтама беруге өтініш (жануардың ветеринариялық паспорты мен жеке нөмірінің болуын, ветеринариялық қарап тексеру нәтижелерін, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық жағдайды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда немесе одан үзінді көшірмеде бар жануарлар туралы мәліметтерді негізге ала отырып);

2) бес килограмнан астам балықтарды және басқа да су жануарларын (тірі, жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған балық, сондай-ақ шаяндар, гаммарус, салина артемиясы (циста)) тасымалдау кезінде "Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтаманың көшірмесі (бұдан әрі – балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама);

3) жануардан алынатын шикізатты (тері және үлдір шикізаты) тасымалдау кезінде – ветеринариялық зертхана берген сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) нөмірі және күні;

4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бақылау объектілерінің Қазақстан

Республикасының аумағы бойынша орнын ауыстыру кезінде – ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың көшірмесі; порталға:

1) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық анықтама беруге арналған көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) бес килограмнан астам балықтарды және басқа да су жануарларын (тірі, жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған балық, сондай-ақ шаяндар, гаммарус, салина артемиясы (цистар)) тасымалдау кезінде – балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

3) жануардан алынатын шикізатты (тері және үлдір шикізаты) тасымалдау кезінде – ветеринариялық зертхана берген сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) нөмірі және күні;

4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бақылау объектілерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша орнын ауыстыру кезінде ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама туралы, ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің шығу (болу), жүру (бағыты) және (немесе) келу (межелі пункт) орнының эпизоотиялық ахуалының нашарлауы;

2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;

4) ветеринариялық анықтаманы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы (жануардың жеке нөмірінің болмауы));

5) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті жануардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, көлік құралының Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметтерге немесе қызметтердің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген ветеринариялық анықтаманы алуға байланысты шешімінің (үкімінің) болуы;

7) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.